








Бекітемін
Факультет деканы
 А.И. Бегимтаев
«18» 11 2018 ж.

**«Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша
мемлекеттік емтихан бағдарламасы**

Негізгі мәліметтер			
Факультет/кафедра	ГПФ/Дене шынықтыру және спорт		
Білім беру бағдарламасының шифры мен атауы	5B010800 «Дене шынықтыру және спорт» 6B01403 «Дене шынықтыру және спорт»		
	Дәрежесі/лауазымы	А.Т.Ж.	Қолы
Әзірлеуші	аға оқытушы	С.Е. Жильгельдинов	
Кафедра меңгерушісінің м.а.	саясат. ғ. к., доцент	А.И. Бегимтаев	
ОӘК факультетінің төрағасы	ф.ғ. к., қаум. проф. ОЖ бойынша деканның орынбасары	А.О. Карипжанова	
Кафедра мәжілісінде қаралды		Хаттама / Күні	№ 4 25 / 11 / 2018
Факультеттің ОӘК отырысында қаралды		Хаттама / Күні	№ 4 26 / 11 / 2018
ОР директорымен әзірленген		Хаттама / Күні	№ 4 28 / 11 / 2018
		С.С. Мустафина	

1. Емтиханды өткізудің мақсаттары мен міндеттері

«Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның мақсаты білім алушылардың кәсіптік оқу бағдарламаларын және жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын меңгеру дәрежесін анықтау болып табылады.

Мемлекеттік емтиханның міндеттері:

- ЖОО бітірушінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша таңдаған спорт түрінде жаттықтырушылық қызметіне дайындық деңгейін анықтау;
- заманауи жағдайда таңдаған спорт түрі саласындағы болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің сапасын анықтау;
- түлектің функционалдық сауаттылығы, құзыреттілігі және әлеуметтік бейімделуінің деңгейін анықтау;
- емтихан билетінің шығармашылық бөлімі аясында болашақ маманның іскерлігінің қалыптасу дәрежесін, студенттердің теориялық дайындық кезінде және білім беру мекемелеріндегі өндірістік педогогикалық практикада алған білімінің өзара байланысын анықтау.

2. Емтиханды өткізудің нысаны мен ұйымдастырылуы

5B010800 «Дене шынықтыру және спорт», 6B01403 «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша «Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәнінің мемлекеттік емтиханы аралас өткізіледі.

Мемлекеттік емтихан билет арқылы, 2 бөлімнен тұрады: 1 бөлім – тестілеу, 2 бөлім – шығармашылық. Мемлекеттік емтиханды өткізу формасы ПМУ Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

Мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбеде және мамандықтың оқу жоспарында көзделген мерзімде ұйымдастырылады.

3. Білімді бағалау тәртібі

Бірінші бөлім: бітірушілердің білім беру дайындығының теориялық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәнінің мазмұны бойынша тест тапсырмалары ұсынылады. Тест тапсырмаларының құрамы жаттықтырушы-оқытушылар үшін 200 "Кәсіби құзыреттілік" тестін құрайды, оның ішінде 20 сұрақтан бір-неше нұсқа қалыптасады. 1 тапсырманы орындауға бөлінген уақыт - 1,5 минут. Тест тапсырмаларының салмақтық үлесі - 0,4, бұл 40 баллды құрайды.

Екінші бөлім: әр билетте 2 сұраққа жазбаша жауап беру керек. Жаттығу әдістемесі бойынша тапсырмалар жазбаша орындалады. Салмақтық үлесі – 0,3.

Үшінші бөлім: тапсырма түлектердің практикалық, шығармашылық дағдыларды қажет ететін жаттықтырушылық кәсіби қызметтің типтік міндеттерін шешуге дайындығын және практикалық тәжірибесінің қалыптасу

деңгейін анықтауға бағытталған. Салмақтық үлесі-0,6, бұл 60 баллды құрайды.

«Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның қорытынды бағасы тестілеу және шығармашылық бөлімдердің нәтижесінің қосындысымен есептеледі.

4. Білімді бағалау критерийлері

«Өте жақсы» деген бағаны кәсіби қызмет түрлерін толық, бағдарламалық материалды жан-жақты меңгерген, жүйелі және терең білімін, өз көзқарасын дәлелдей білген, оқу бағдарламасында қарастырылған тапсырмаларды еркін орындаған, сондай-ақ спорттың негізгі ұғымдары мен оларды оқыту әдістемесінің өзара байланысын меңгерген түлек алады.

Сұраққа жауаптар қисынды, дәйекті, әр түрлі дереккөздерге сүйеніп жазылған. Практикалық бағытталған тапсырмаларды орындау кезінде дербестік пен шығармашылық тәсілдеме көрсетілген.

«Жақсы» деген бағаны жаттықтырушының кәсіби қызмет түрлерін меңгерген, оқу материалын білетін, таңдаған спорт түріндегі нақты есептер мен жағдайларды талдау барысында әдістемелік білімін көрсеткен, бірақ мемлекеттік емтихан барысында қателіктерге жол берген студент алады.

«Қанағаттанарлық» деген бағаға жаттықтырушылық қызмет түрлерін меңгергенін көрсеткен, бағдарламалық материалдарды толық көлемде білмеген, проблемалы мәселелерді шешу кезінде білімді қолдана алмаған немесе емтихан барысында қателікке жол берген студент лайық.

«Қанағаттанарлықсыз» деген бағаны мамандық бойынша кәсіби қызмет түрлерін меңгермеген немесе емтихан барысында негізгі теориялық және практикалық материал білімінің жоқтығын немесе кемшіліктерін анықтаған немесе тапсырмаларды орындау кезінде принципті қателіктер жіберген түлектер алады.

Емтихан қорытындысын студенттер сол күні алады. Бағаны жоғарылату мақсатымен емтихан нәтижесін өзгерту мүмкін емес.

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдың сандық эквиваленті	Проценттік мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4.0	95-100	Өте жақсы
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	Жақсы
B	3.0	80-84	
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D	1.0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

5. Емтихан бағдарламасына кіретін пәндер тізімі

1) Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі.

6. Әр пәнге арналған тақырыптар мен сұрақтар тізімі

6.1. Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі

Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесінің негіздері. Спорттық іріктеу және бағдарлау. Көп жылдық спорттық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде жоспарлау және бақылау. Жаттығу процесінің құрылымы. Таңдаған спорт түрінің даму тарихы. Таңдаған спорт түрінің сипаттамасы. ТСТ техникалық-тактикалық дайындық негіздерін оқыту әдістемесі. Оқыту әдістері. Спорттық дайындықтың түрлері мен мазмұны. Таңдаған спорт түріндегі жарыстарды ұйымдастыру және өткізу. Төрешілік. Қауіпсіздік техникасы.

7.Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1 Кайнова Э. Б. Общая педагогика физической культуры и спорта : учебное пособие для сред. проф. образования / Э. Б. Кайнова. – М. : ФОРУМ : ИНФРА-М, 2014. – 205 с

2 М. М. Боген Физическое воспитание и спортивная тренировка: обучение двигательным действиям. Теория и методика. –3-е изд. – М.:Либроком, 2013. –192 с.

3 И. С. Барчуков Теория и методика физического воспитания и спорта:учебник.-2-е изд., стер. – М. :КноРус, 2012. –365 с.

4 Озолин Н.Г. Настольная книга тренера: Наука побеждать. – М. : «Издательство АСТ», 2012.

5 Холодов Ж.К. Теория и методика физического воспитания М. : «Академия»-5-е изд., 2013. – 480 с.

6 В. Д. Фискалов Спорт и система подготовки спортсменов: учебник. М. : Советский спорт, 2015. – 392 с.

7 Марков, Г. И., Романов, В. И., Гладков, В. Н. Система восстановления и повышения физической работоспособности в спорте высших достижений: метод. пособие , Сов. спорт, 2014. –51 с.

Қосымша әдебиет:

1 Психология спорта: хрестоматия / Сост.-ред. А. Е. Тарас. – Минск : Харвест, 2015. – 351 с.

2 Евсеев, Ю. И. Физическое воспитание: учебное пособие для вузов. – Ростов н / Д : Феникс, 2015. – 380 с.

3 Кожухар, В. М. Основы научных исследований : учеб. пособие / Кожухар, В. М. – М. : Дашков и К, 2015. – 216 с.

4 Лысова Н. Ф. [и др.] Возрастная анатомия, физиология и школьная гигиена : учебное пособие для пед. спец. вузов. – Новосибирск : Сибирское университетское издательство, 2013. – 396 с.

5 Д. Фискалов Спорт и система подготовки спортсменов: учебник. –М. : Советский спорт,2013. –392 с.

6 Матвеев, Л. П. Общая теория спорта и прикладные аспекты: учебник для вузов по направлению «Физическая культура». – Изд. 5-е, испр. и доп. – М. : Советский спорт, 2013. – 340 с.

7 Малиновский С. В. Моделирование тактического мышления спортсмена. – М. : «ФКиС», 2013. – 192 с.

8 Матвеев, Л. П. Общая теория спорта и прикладные аспекты: учебник для вузов по направлению «Физическая культура».– Изд. 5-е, испр. и доп. – М. : Советский спорт, 2014. – 340 с.

9 Гришина, Ю. И. Общая физическая подготовка: знать и уметь: учеб. пособие для вузов. – Ростов н / Д : Феникс,2014. – 249 с.